

Мемлекеттік тұрғын үй қорының өздері тұратын тұрғын үй-жайларын меншікке өтеусіз алуға құқығы бар азаматтардың қосымша санаттары туралы.

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2007 жылғы 22 қазандағы N 30/2 шешімі. Павлодар облысы Павлодар қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 23 қарашада N 96 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2008 жылғы 2 шілдіндегі N 164/8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2008 жылғы 2 шілдіндегі N 164/8 шешімімен.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылы 24 қаңтардағы N 66 қаулысымен бекітілген, "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіру туралы Ережесінің" 6 тармағына сәйкес қалалық
м а с л и х а т Ш Е Ш І М Е Т Е Д І :

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорының тұрғын үй-жайларын меншікке өтеусіз
а л у қ ұ қ ы ғ ы б е р і л с і н :

1) қала жатақханаларында тұрақты тұратын және әлеуметтік қорғалатын
тұрғындар санатына жататын азаматтарға;

2) 2001 жылдың 1 қаңтарына дейін іске қосуға енгізілген, мемлекеттік тұрғын үй қорының пәтерлерінде тұрақты тұратын мына санаттарға жататын азаматтарға
:

күқыққа қарсы әрекеттер нәтижесінде мүгедек болған адамдардан басқа,
ү ш і н ш і т о п т а ғ ы м ү г е д е к т е р г е ;

некеге тұрмаған, төрт және одан да көп кәмелеттік жасқа толмаған балалары
б а р , к ө п б а л а л ы о т б а с ы л а р ы н а ;

некеге тұрмаған, кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар толық емес
о т б а с ы л а р ы н а ; з е й н е т к е р л е р г е ;

заңнамада белгіленген тіршілік минимумынан төмен (өтініш беру кезінде)
соңғы он екі айда отбасының әрбір мүшесіне жиынтық айлық кірісі бар аз
қамтамасыз етілген азаматтарға жасы және еңбек сіңірген жылдары бойынша; < *
>

*Ескерту: 1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар қалалық мәслихатының
2008 жылғы 4 сәуірдегі N 121/5 шешімімен.*

*белгіленген тәртіпте есепте тұрған жұмыссыз азаматтарға ;
< * >*

Ескерту: 7 абзац жойылды - Павлодар қалалық мәслихатының 2008 жылғы 4

мүгедек балаларды қамқорлығына алған адамдарға;
мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді атқару кезінде, құқықтық тәртіпті
қорғау кезінде немесе жазатайым оқиға нәтижесінде өндірісте қаза болған
о т б а с ы л а р ы н а ;

Кеңес Одағының Батырларына, Социалистік Еңбек Ерлеріне, бұрын "
Ардақты ана" атағы берілген аналарға, Даңқ орденімен, Еңбек даңқы орденімен,
үш дәрежелі "КСРО қарулы Күштерінде Отанға қызмет еткені үшін" орденімен
марапатталған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мемлекеттік наградаларына
и е б о л ғ а н а з а м а т т а р ғ а ;

КСРО,ТМД және Қазақстан Республикасы елдерін қорғау жөніндегі
жауынгерлік операцияларға қатысқан интернационал-жауынгерлерге, әскери
қ ы з м е т к е р л е р г е ;

2. Павлодар қалалық мәслихатының 2004 жылғы 6 мамырдағы "Қаланың
жатақханаларында өздері тұратын тұрғын үй-жайларын меншікке өтеусіз алуға
құқығы бар азаматтардың қосымша санаттары туралы" № 47/5 шешімінің күші
жойылды деп танылсын (2004 жылғы 11 маусымдағы МТН 2574).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың тұрақты
к о м и с с и я л а р ы н а жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн
өткеннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы И. Веретнов

Қалалық маслихаттың хатшысы В. Лебедь